

**Тұщықұдық селолық округіндегі "Естекбай" елді мекені аумағына карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық селолық округі әкімінің 2013 жылғы 23 мамырдағы № 25 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 03 маусымда № 2733 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық селолық округі әкімінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 30 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық селолық округі әкімінің 2013.07.01 № 30 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағын, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа алып, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Исатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 23 сәуірдегі № 73 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұщықұдық селолық округіндегі "Естекбай" елді мекені аумағында ұсақ мүйізді малдар арасында құтыру ауруы ошағының анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық р е ж и м і б е л г і л е н с і н .

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті Исатай ауданы бойынша Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті ш а р а л а р д ы а л у ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тұщықұдық селолық округінің әкімі

М. Насиханов

К Е Л І С І Л Д І :

Атырау облысы Денсаулық сақтау  
басқармасының "Исатай аудандық  
орталық ауруханасы" шаруашылық  
жүргізу құқығындағы коммуналдық  
мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері \_\_\_\_\_ С. Айдаралиев

2013 жылғы 23 мамыр

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігі Мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің  
Атырау облысы бойынша департаменті Исатай  
ауданы бойынша Мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Ө. Шакесова

2013 жылғы 23 мамыр